ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«Береке Мол ЛТД»
Южно-Казахстанская область, Шымкент г.а.,
г.Шымкент, ул.Уалиханов 188б/94

Банк: «АТФ Банк» АҚ Шымкент қаласы, Төрекұлов көшесі, 1А. **ИИК:**KZ70826X0KZTD2005096 **БИК:**ALMNKZKA
БИН:131240025269

Исх№38
От 26.06.2018г.

ҚР Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-сі басшысының міндетін уақытша атқарушы Қ.Сапарбековке

ШАҒЫМ

"Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушының заңсыз іс-қимыл әрекетіне

Ұйымдастырушы - "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі электрондық мемлекеттік сатып алу үшін вэб-порталында кітаптар тасымалдауды мемлекеттік сатып алу бойынша 17.05.2018 жылғы № 2575184-2 хабарландыру орналастырған болатын.

26.06.2018 жылғы конкурстың №2575184-ОК2 қорытынды хаттамасына сәйкес, ТОО "АБА-ШАПАҒАТ", ТОО "Бибо & Company", ТОО "Регион 013", Накен Оспан Есенбайұлы, ИП KAZ.INVEST-LAB, ТОО "Береке Мол ЛТД" және бұдан бөлек басқа да әлеуетті өтінім берушілер ұсынған болатын.

Конкурстық комиссия тарапынан, әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендірілген конкурстық өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша жеңімпаз ТОО "Оркомстроймонтаж" анықталған. Алайда, жеңімпаздың құжаттарын қарау кезінде бір қатар кемшіліктер орын алған немесе "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі тарапынан әдейі жеңімпаз болуына ықпал жасаған. Аталған кемішіліктер төмендегідей:

1. "Оркомстроймонтаж" ЖШС мен жеке азамат Абдуллаев Авез Есенбекович арасында Мерседес-Бенс жүк тасымалдау автокөлігін жалға алу жөнінде келісім-шарт жасасқан, алайда бұл шарттың 6 тармағында «Тараптардың заңды мекен-жайлары» деген бөлігі дұрыс толтырылмаған немесе жоғарыда аталған азаматтың Жеке куәлігі, оның берілген нөмірі қате көрсетілген немесе жүргізуші ретінде көрсеткен Анапияев Оразғали Надирұлының жеке куәлігінің мәліметтері көрсетілген.
2. Конкурстық құжаттамада «Потенциальный поставщик должен соответствовать квалификационным требованиям, указанным в ст.9 ЗРК «О государственных закупках». Доставка товара до адреса осуществляется транспортом Поставщика и за его счет. **Автотранспорт для перевозки учебников должен быть с закрытым кузовом (тентованное, контейнер)** - не менее 1ед.» делінген. Демек "Оркомстроймонтаж" ЖШС құжаттарында, яғни Мерседес-Бенс автокөлігінің тех құжатының «Особые отметки» деген бөлігінде нақты тентованный автокөлік екендігімен расталмаған немесе Фургон деп көрсетілген.
3. Жоғарыда көрсетілген конкурстық талапта Фура көрсетілген немесе ондай автокөлікті жүргізу үшін жүргізушінің жүргізу куәлігінде СЕ категория болуы тиіс, алайда Анапияев Оразғали Надирұлында бұндай талапқа сай келмейді.